

«Тассуат ауылының негізгі орта мектебі» КММ

оқу жоспарына түсінік хат

2023-2024 оқу жылы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет. Әрбір білім беру ұйымының міндеті-ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

2023-2024 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керек:

- ✓ білім алушылардың білімін толықтыру;
- ✓ қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- ✓ білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- ✓ цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
- ✓ инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығы болып өзгертілді.

Әрбір білім беру ұйымының міндеті – білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру

- 1) Мектепалды даярлық сыныптары/топтарында және 1-4-сыныптарда білім беру процесі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығы 1-қосымша .

- ✓ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;